

---

01.10.2014 жылы «Халықаралық Құқықтық реформаларға жәрдемдесу форумы» Заңды тұлғалар қауымдастығының шешімімен  
БЕКІТІЛДІ

---

20.05.2015 жылы «Халықаралық Құқықтық реформаларға жәрдемдесу форумы» Заңды тұлғалар қауымдастығының шешімімен өзгертулер мен қосымшалар енгізілді

---

21.01.2016 жылы «Халықаралық Құқықтық реформаларға жәрдемдесу форумы» Заңды тұлғалар қауымдастығының шешімімен өзгертулер мен қосымшалар енгізілді

# **«Қазақстанның үлкен қазылар алқасы» тұрақты әрекет ететін Аралық сотының РЕГЛАМЕНТІ**

Алматы қаласы 2016 ж.

<b>АРАЛЫҚ СОТ РЕГЛАМЕНТІНІҢ МАЗМҰНЫ</b>	беті 1-2
<b>Тарау I. Кіріспе</b>	3-5
<b>Тарау 2. Жалпы ережелер</b>	5-7
1 бап. Аралық соттың құзыреттілігі	5-7
<b>Тарау 3. Ұйымдастыру және қызметі</b>	7-13
2 бап. Судья, судьялар құрамы және бастарту	7-8
3 бап. Аралық сот құрылымы	8
4 бап. Аралық сот лауазымды тұлғаларының өкілеттілігі	9
5 бап. Соттың орналасқан жері және тыңдаулар өткізілетін орын	9
6 бап. Құпиялылық	9
7 бап. Аралық істі қарау тілі	10
8 бап. Дәлелдерді ұсыну және зерттеутәртібі	10
9 бап. Істі қарау мерзімі	10
10 бап. Құжаттарды (хабарламаларды, хабарландыруларды, шақыртуды) жолдау және табыстау	10-11
11 бап. Іс жүргізу мерзімдерін есептеу	11-12
12 бап. Қолданылатын құқық	12
13 бап. Осы Регламентке сілтеме жасау құқығынан бас тарту	12
<b>Тарау 4. Аралық тексеру (Аралық тексерудің басталуы)</b>	12
14 бап. Талап арыз және талап арызға пікір	12-13
15 бап. Талап арызға тіркелетін құжаттар	13-14
16 бап. Талап арыз бағасы	14
17 бап. Дау бойынша шешімге байланысты шығындар. Аралық сот алымдары	14-15
18 бап. Талап арызды қозғалыссыз қалдыру	15
19 бап. Талап арызды қайтару	15-16
20 бап. Қарсы талап қою және қарсы талаптарды есепке алу	16
<b>Тарау 5. Істі қарауға даярлау</b>	16
21 бап. Аралық соттың істі қарауын қозғау	16-17
22 бап. Жауапкерге хабарлама	17
23 бап. Дауды қарау кезіндегі аралық судьяларсаны	17
24 бап. Істі қарауды даярлау	17
25 бап. Тараптарға істі тыңдаутуралы хабарлау	18
<b>Тарау 6. Істі қарау</b>	18
26 бап. Істі тыңдауды жүргізу	18
27 бап. Тараптардың Аралық сототырысына қатысуы	18-19
28 бап. Тараптардың құқықтары	19
29 бап. Құжаттарды беру	19
30 бап. Қамсыздандыру шараларын ұсынуға құзырлы соттың жәрдемдесуі	19-20
31 бап. Жазбаша материалдар негізінде істі қарау	20
32 бап. Талап арыздарының өзгертулері, толықтырулары немесе қуыным бойынша қарсылықтар	20
33 бап. Дәлелдер	20-21
34 бап. Сараптаманы тағайындау және өткізу	21
35 бап. Үшінші тұлғалардың қатысуы	21-22

36 бап. Тыңдауды кейінге қалдыру және істі қарауды тоқтатып қою	22
37 бап. Соттың істі қарауын тіркеу	22
<b>Тарау 7. Сот шешімі</b>	22
38 бап. Аралық сот шешімінің міндеттілігі	22
39 бап. Шешім қабылдау	22-23
40 бап. Шешімнің формасы және мазмұны	23-24
41 бап. Шешімді түзету және түсіндіру	24
42 бап. Татулық келісім	24-25
43 бап. Дауды қайта ашылған мән-жайлар бойынша қарау	25
44 бап. Аралық соттың істі қарауының тоқтатылуы	25-26
45 бап. Шешімдер меністерді сақтау	26
46 бап. Аралық шешімге шағым беру	26-27
47 бап. Шешімді орындау және мәжбүрлі түрде орындау	27-28
48 бап. Аралық сот шешімін мәжбүрлі түрде орындаумен байланысты шығыстарды төлету	28-29
49 бап. Жауапкершілікті алып тастау	29
50 бап. Регламентке қосымша	29
Регламентке қосымша	30-34

## **Тарау1: КІРІСПЕ**

Регламентнің осы бөлігі тұрақты әрекеттететін «Қазақстанның үлкен қазылар алқасы» Аралық сотының қызметін ұйымдастыру тәртібін және осы соттағы аралық тексеру ережелерін анықтайды.

### **Осы Регламентте қолданылатын негізгі ұғымдар:**

#### ***Аралық тексерудің жұмыс жасау қағидалары***

*Аралық тексеру мына қағидаларды сақтаумен жүзеге асырылады:*

- 1)Тараптар еркінің дербестігі - бұл тараптардың алдын-ала өзара келісуі бойынша туындағандау төңірегінде аралық тексеруді жүзеге асыру тәртібімен талаптары мәселелерін өзбетінше шешу құқығы бар екенін білдіреді;
- 2)Заңдылық - бұл аралық судьялармен соттардың өз шешімдерінде Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы заңнамалық және өзгеде нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын ғана басшылыққа алатынын білдіреді;
- 3)Тәуелсіздік - бұл өздеріне берілген дауларды шешуде аралық судьялармен соттардың тәуелсіздігін, шешімдерді қабылдауда қандай да бір ықпалды болдырмайтын жағдайларда шешім қабылдайтындығын білдіреді;
- 4)Жарысушылық және тараптардың тең құқықтығы – бұл аралық тексеруде тараптардың бірдей құқық көлемін қолданатындығын және міндеттердің бірдей көлемін алып жүретіндігін, өз ұстанымын, оның алға тарту тәсілдері мен құралдарын өз беттерінше және аралық соттан, басқада органдармен тұлғалардан тәуелсіз таңдайтындығын білдіреді;
- 5)Әділеттілік - бұл өздеріне берілген дауларды шешуде аралық судьялар мен соттардың және аралық тексеру тараптарының орнатылған талаптарды, қоғамның адамгершілік қағидастарымен іскерлік әдеп ережелерін сақтай отырып,адал ниетпен әрекет етуге тиіс екендігін білдіреді;
- 6)Құпиялылық - бұл аралық судьялардың тараптардың немесе олардың құқылы мирасқорларының келісуінсіз аралық тексеру барысында белгілі болған мәліметтерді жариялауға құқылы еместігін және азаматтың сәйкес органға ақпаратты хабарлау міндеті заңмен көзделген жағдайлардан басқа жағдайларда аралық тексеру барысында өздеріне белгілі болған мәліметтер туралы куә ретінде жауап алынуы мүмкін емес.

***Аралық судья*** –бұрын сотталмаған,заңгерлік білімі бар,аралық сотта дауды шешу үшін, Қазақстан Республикасы әрекеттегі Заңнамасының

нормаларына сәйкес, келісілген тәртіпте тараптар сайлаған және тағайындаған, әрекет қабілеттілігі бар және құқыққа қабілетті тұлға.

Аралық соттың шешімдерін тағайындалған судья жеке өзі немесе қолданыстағы заңнама нормаларымен өзге тәртіп көзделмеген жағдайда осы Регламентке сәйкес құрылған сот құрамы шығарады. Төрағалық ететін судьяның дауысы шешуші болып табылады.

***Тұрақты әрекет ететін аралық сотының Төрағасы*** – Заң талаптарына сай келетін жеке тұлға, «Халықаралық Құқықтық реформаларға жәрдемдесу форумы» Заңды тұлғалар қауымдастығының аккредитациясымен «Қазақстанның үлкен қазылар алқасы» Аралық судьялар Тізіміне қосылған, аралық тексеруді қозғау және/немесе жүргізу, сот құрамын құру, нақты аралық тексеру бойынша өз құзыреттерінің төрағалық етуші судьяға өкілеттік беру құзыреті бар, және тағы басқа осы Регламентте көрсетілген құқықтар мен міндеттері бар аралық судья.

***Төрағалық етуші судья*** - Тұрақты әрекет ететін аралық сотының Төрағасымен түскен аралық дауды жеке дара немесе Аралық сот құрамында тексеру үшін тағайындалған аралық судья. Төрағалық етуші судьяның (жеке дара немесе сот құрамында) әс бойынша процессуалдық шешім қабылдауға барлық құзыреттері бар. Төрағалық етуші судья (жеке дара немесе сот құрамында) Тұрақты әрекет ететін аралық сотының Төрағасының немесе оның орынбасарының ұйғарымымен тағайындалады.

(21.01.2016 ж. редакциясындағы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді)

***«Қазақстанның үлкен қазылар алқасы» Тұрақты әрекет ететін аралық соты*** «Халықаралық Құқықтық реформаларға жәрдемдесу форумы» Заңды тұлғалар қауымдастығымен бекітілген Регламентпен, Реестр немесе аккредитациядан өткен Аралық судьялар тізімімен құрылған және жария етілген.

***Сайланған немесе тағайындалған Аралық сот*** - осы Регламентке және азаматтық іс жүргізу нормаларына сәйкес сайланған немесе тағайындалған Жеке дара аралық судья немесе сот құрамы.

***Аралық тексеру тараптары***—жасалған келісім мәнінен туындайтын нақты дау бойынша талапкер(талапкерлер) және жауапкер(жауапкерлер).

***Аралық тексеруге қатысушылар***—тараптардың немесе соттың келісімі бойынша аралық тексеруге тартылған тараптар,басы-қасында болғана дамдар, куәгерлер,мамандар,сарапшылар,аудармашылар,өзге тұлғалар.

***Сот құрамы*** – сайланған жеке-дара аралық судья немесе құрылған алқалық сот құрамы.

***Іскерлік айналым құрыптары*** – қандай да бір құжатта тіркелген тіркелмегеніне қарамастан, азаматтық-құқықтық шарттар саласында қалыптасқан және кеңінен қолданылатын мінез-құлық ережелері.

***Аралық келісім*** – тараптар қолқойған, не болмаса осындай келісімді

тіркеуді қамтамасыз ететін телетайп, телеграф бойынша немесе электронды немесе өзге де байланыс құралдарын қолдану мен хаттар, хабарламалар алмасу жолымен жасалған тараптардың туындаған немесе туындауы мүмкін дауды аралық сот қарауына беру туралы шарт тараптарының жазбаша келісімі.

**Аралық соттың жауапты хатшысы** – әрекет қабілеті және құқық қабілеті бар, бұрын сотталмаған, қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келетін, ісжүргізу, құжаттарды есепке алу және сақтау саласында арнайы танымға ие, арнайы немесе жоғары білімі бар, «Қазақстанның үлкен қазылар алқасы» тұрақты әрекет ететін Аралық сотында еңбек шарты негізінде жұмыс жасайтын және аралық сот хатшылығының қызметін басқаруды жүзеге асыратын тұлға.

**Сот отырысының хатшысы** – әрекет қабілеті және құқық қабілеті бар, бұрын сотталмаған, қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келетін, құқық саласында арнайы танымға ие, арнайы немесе жоғары білімі бар, «Қазақстанның үлкен қазылар алқасы» тұрақты әрекет ететін Аралық сотында еңбек шарты негізінде жұмыс жасайтын және аралық сот қызметінен туындайтын жұмыстарды орындайтын тұлға.

**Тіркеу алымы**–Аралық Соттың бастапқы шығындарын жабу үшін талап арызын беру кезінде төленетін алым. Тіркеу алымы аралық алымды бұдан

Кейінгі төлеуде оның жалпы сомасына есептеледі. Тіркеу алымы қайтаруға жатпайды, сонымен бірге аралық алымды немесе оның бір бөлігін қайтарған жағдайларда да.

**Шарттағы аралық сот ескертпесі** – болжамды немесе болашақ дауларды шешу тәртібін орнататын азаматтық шарттың жеке тармағы. Тараптар шартты жасау шартында-ақ кез-келген туындауы мүмкін шарттың белгілі бір аралық сот қарауына берілетіндігі туралы келісімге келеді.

Шартты(келісім-шартты)жарамсыз дептану аралық(төрелік)ескертпенің автоматты түрде жарамсыз болуына әкелмейді.

### **Аралық ескертпе**

Аралық ескертпенің ұсынылатын мәтіні:

*Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес аралық соттың қарауына жатпайтын және осыған орай құзыретті сотта қаралуға тиісті дауларды қоспағанда, осы Құжатпен байланысты барлық даулар «Қазақстанның үлкен қазылар алқасы» тұрақты әрекет ететін Аралық сотында, осы аралық келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын дауды қарау туралы өтінішті берген күні қолданыстағы редакциясында оның реттемесіне сәйкес, бір немесе бірнеше судьяның қарауына жатады.*

*«Қазақстанның үлкен қазыларалқасы» Аралық сотының шешімі түпкілікті болып табылады. «Қазақстанның үлкен қазылар алқасы»*

Аралық (төрелік) ескертпе «Қазақстанның үлкен қазылар алқасы» тұрақты әрекет ететін Аралық сотының Қазақстандық, Ресейлік және өзге төрелік институттары үшін бірыңғай болып табылады.

Тараптар қажеттілігіне қарай судьялардың саны мен жеке құрамы, іс бойынша отырыстардың өткізілетін жері және аралық тексеру тілі бойынша Аралық келісімге толықтырулар енгізе алады, сонымен қатар келісім-шартқа, келісімге немесе шартқа қатысты материалдық құқықты көрсете алады.

## **Тарау2: ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **1бап.Құзыреттілік**

1. «Қазақстанның үлкен қазылар алқасы» тұрақты әрекет ететін Аралық соты(бұдан әрі мәтін бойынша—«Аралық сот») тәуелсіз, дербес, тұрақты әрекет ететін сот болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясына, «Аралық соттар туралы» Қазақстан Республикасы 2004жылғы 28 желтоқсандағы Заңының қолданыстағы редакциясына, Қазақстан Республикасының өзгеде заңнамалық актілеріне, сонымен қатар Қазақстан Республикасында бекітілген халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырады.
2. Аралық соттың функциясы осы Регламентге, қолданыстағы заңнамаға сәйкес туындаған даулардың қарастырылуын ұйымдастыруды қамтамасыз ету болыптабылады, бұл ретте нақтылауды қарастыру және ол бойынша шешім шығаруды тағайындалған, сайланған немесе құрылған сот құрамы жүзеге асырады.
3. Аралық сотқа тараптардың келісімі бойынша осы Регламенттің 8 тармағында тіке қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы резиденті болып табылатын заңды және жеке тұлғалар, соның ішінде жеке кәсіпкерлердің арасындағы азаматтық-құқықтық шарттардан туындаған даулар берілуі мүмкін.
4. Аралық сот дауды аралық ескертпе, яғни тараптардың арасында туындаған немесе туындауы мүмкін дауды шешуге табыстау туралы жазбаша келісім болған жағдайда қарайды. Бұл келісім өзі бір бөлігі болып табылатын шарттың жарамдылығына қарамастан заңды күшке ие деп танылады.Тараптардың даудыАралық сот қарауына (шешуіне) беру туралы келісім жасауы тараптардың осы Регламентпен, аралық тексеру басталғанға дейін талап арызды беретін сәтте қолданыстағы барлық толықтырулар мен және өзгертулермен келісетіндігін білдіреді.
5. Талапкер Аралық сотқа талап арызын беріп, ал жауапкер талап арызға қатысты өз пікірін білдіріп, осы дауды Аралық сотта қарауға

қарсылық білдірмеген жағдайда дауды Аралық сот қарауы- на табыстау туралы келісім жасалған болып есептеледі.

6. Аралық сот құрамы өзіне шешуге берілген дауды қарауға өзінің өкілеттігінің (құзыретінің) бар немесе жоқ болуы туралы мәселені, соның ішінде, тараптардың бірі аралық келісімнің жарамсыздығы себебінен аралық тексеруге қарсылық білдірген жағдайда да, дербес шешіледі.
7. Егер Аралық сот құрамы өзінің құзыреті туралы мәселені қарауда Аралық соттың дауды қарауда өкілеттігі жоқтығы туралы шешім шығарса, онда Аралық сот істі мәні бойынша қарай алмайды.
8. Аралық соттың қарауына жатпайтын даулар:
  - мемлекеттің мүддесін қозғайтын;
  - мемлекеттік кәсіпорындардың мүддесін қозғайтын;
  - кәмелетке толмағанадамдардың, заңда белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың мүддесін қозғайтын;
  - аралық келісімнің қатысушылары болып табылмайтын тұлғалардың мүддесін қозғайтын;
  - даулы қарым-қатынастар табиғи монополиялар субъектілерінің, тауарлар мен қызметтер нарығында басым орын алатын субъектілердің қызметтерді көрсету, жұмыстарды орындау, тауарларды өндіру туралы шарттарынан туындайтын;
  - Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жағдайларды қоспағанда банкроттық немесе оңалту туралы істер бойынша туындайтын;
  - мемлекет қаржыландыратын бағдарламалар мүддесі қозғалатын;
  - мүліктік қатынастар мен байланысы жоқ, өмір және денсаулыққа, жеке өміріне қол сұқпаушылыққа, жеке бас және отбасы құпиясына, адам атына қатысты құқыққа байланысты мүліктік емес жеке қатынастардан туындайтын даулар.

### **Тарау 3: ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ**

#### **2 бап. Судья, судьялар құрамы және бас тарту**

1. Аралық судья болып қажетті білімге ие, жоғары білімі бар, жиырма бес жасқа толған және аралық судья міндеттерін орындауға келісім берген, тараптардан тәуелсіз және істің нәтижесіне мүдделі емес жеке тұлға сайлануы (тағайындалуы) мүмкін.
2. Дауды жеке-дара шешетін аралық судьяның жоғары заңгерлік білімі және заңгерлік мамандығы бойынша кем дегенде екі жыл жұмыс өтілі болуға тиіс. Дауды алқалы түрде шешкен жағдайда аралық сот құрамының төрағасының жоғары заңгерлік білімі болуға тиіс.
3. Аралық судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптарды тараптар тікелей сот құрамын түзу кезінде анықтайды немесе тұрақты жұмыс істейтін аралық соттардағы ережелермен (регламентелермен)



анықталады.

4. Аралық судья бола алмайтын тұлғалар:
  - 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында орнатылған тәртіппен құзыретті соттың судьясы болып сайланған немесе тағайындалған тұлға;
  - 2) заңда белгіленген тәртіппен сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған тұлға;
  - 3) соттылығы алынбаған немесе өтелмеген, не қылмыс жасады деп айып тағылған тұлға;
  - 4) мемлекеттік қызметкер, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, өз қызметін тұрақты немесе мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ақысыз өленетін, жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын Мәслихат депутаты және әскери қызметкер.
5. Аралық сот қарауына берілген қандайда бір істі қарауға қатысты Аралық сот қатысатын судьялар құрамы бойынша шектеу қоймайды, бірақ Аралық сот Төрағасы немесе оның орынбасары белгілі бір судьяның қолы босамауы, оның денсаулығын сақтау мен тынығуы немесе сол судьяның жаңа тексеруі бірінші тексеруіне себеп-салдарлық тұрғыдан тәуелді болатын сот тексеруіне қатысуы Қағидаларына сүйене отырып, нақты судьяға қатысты шектеу енгізуге құқылы.
6. Судья Регламент немесе «Аралық соттар туралы» Заң талаптарына сәйкес келмеген жағдайда – тараптар кез-келген судьядан бастарту туралы мәлімдей алады.
  - 1) Қандайда бір жеке тұлғаға оны аралық судья етіп сайлау (тағайындау) мүмкіндігіне байланысты жүгінген жағдайда, аталған адам Регламентке сәйкес одан бас тарту үшін негіздеме болып табылатын мән-жайлардың бар екендігі туралы хабарлауға тиіс. Егер көрсетілген мән-жайлар аралық сотта істі қарау кезінде туындаған жағдайда, судья бұл туралы тараптарға дереу хабарлауға және өздігінен бас тартатынын мәлімдеуге тиіс.
  - 2) Тарап, егер бастарту үшін негіз болып табылатын мән-жайлар оған осы аралық судьяны өзі сайлағаннан кейін белгілі болған жағдайда ғана, осы Регламентке сәйкес өзі сайлаған аралық судьядан бас тартатынын мәлімдей алады.
  - 3) Судьяның бас тарту рәсімі Тұрақты әрекет ететін Аралық соттың Регламентімен белгіленді.
  - 4) Егер тарапқа аралық сот құрамы түзілгені немесе судьядан бас тартуға негіздеменің бар болуы туралы белгіленген жағдайда, Судьяның бас тарту туралы жазбаша дәлелденген өтінішті бес күн ішінде беруге тиіс.
  - 5) Егер бас тарту туралы мәлімделген аралық судья өздігінен бас тартпаса немесе басқа тарап судьядан бас тартумен келіспесе, онда Аралық

соттың құрамына кіретін судьялар судьядан бастарту туралы мәселені тараптың жазбаша дәлелденген өтініші алынған сәттен бастап он күн мерзімде шешеді.

- б) Дауды жеке дара қарайтын судьядан бастарту туралы мәселені сол судья шешеді.
- 7) белгілі бір аралық судьяға (аралық сот құрамына) қайта бас тарту мәселесі бірыңғай аралық соттың Төрағасымен немесе оны ауыстыратын тұлғамен қаралады.

### **3 бап. Аралық сот құрылымы**

1. Аралық сот құрамына мыналар кіреді: Сот Төрағасы, Сот Төрағасының орынбасары.
2. Аралық сот Төрағасы «Халықаралық құқықтық реформаларға жәрдемдесу форумы» Заңды тұлғалар қауымдастығы Президентінің шешімімен тағайындалады.
3. Орынбасар, Аралық сот Жауапты хатшысы және хатшылары – сәйкес Аралық сот Төрағасының ұсынысы бойынша Қауымдастық Президентімен тағайындайды.

### **4 бап. Аралық Сот лауазымды тұлғаларының өкілеттіктері**

1. Аралық сот Төрағасы Аралық соттың қызметін басқару мен үйлестіруді, Регламенттің сақталуын бақылауды жүзеге асырады және мынадай құқықтарға ие:
  - 1) мемлекеттік органдармен, заңды және жеке тұлғалармен ара қатынаста Аралық сотты таныту;
  - 2) нақты іс бойынша аралық алым мөлшері, төлеу тәртібі мен мерзімдерін өзгерту туралы мәселелерді шешу;
  - 3) Аралық соттың шешімдерінің, ұйғарымдары мен басқа да құжаттар көшірмелерін растау;
  - 4) осы Регламентте көзделген басқа да функцияларды орындау.
  - 5) Аралық сот Төрағасы өзі аралық судья болып тағайындалған істі жүргізу кезінде өз міндеттерін орындауға құқығы жоқ.
2. Төраға орынбасары Төраға болмаған жағдайда немесе өзге де жағдайларда Аралық сот Төрағасының функцияларын атқарады.
3. Аралық соттың Жауапты хатшысы хатшылық қызметіне басшылықты жүзеге асырады, Аралық сот қызметімен байланысты құжаттарды есепке алу мен сақтауды жүргізеді және функционалдық міндеттерімен, еңбек шартының талаптарымен көзделген сот жұмысын қамтамасызету бойынша басқа да міндеттерді атқарады, Консультациялық қызметке меңгерушілік етеді.
4. Аралық сот хатшысы нақты іс бойынша іс жүргізуді ұйымдастырады,

сондай-ақ функционалдық міндеттерімен, еңбек шартының талаптарымен көзделген сот жұмысын қамтамасыз ету бойынша басқа да міндеттерді атқарады.

(21.01.2016 ж. редакциясындағы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді)

### **5 бап. Соттың орналасқан жері және тыңдаулар өткізілетін орын**

1. Тұрақты әрекет ететін Аралық сот Аралық соттың орналасқан жері «Халықаралық Құқықтық реформаларға жәрдемдесу форумы» Заңды тұлғалар қауымдастығының жарғылық құжаттарымен анықталады.
2. Аралық тексеруді қарау орны, оның тәртібі мен уақыты осы регламентке сәйкес анықталады.

(21.01.2016 ж. редакциясындағы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді)

### **6 бап. Құпиялылық**

1. Төраға, Төраға Орынбасары, Судьялар, Аралық сот қызметкерлері тараптардың немесе олардың құқылы мирасқорларының келісімсіз Аралық сот қарайтын және шешетін даулар туралы өздеріне белгілі ақпаратты жарияламауға міндетті.
2. Аралық дауды қарау нәтижелері бойынша шешімдер мен актілерді жариялау осы баптың 1 тармағы ережесі бойынша реттеледі.

### **7 бап. Аралық істі қарау тілі**

1. Аралық соттарда іс жүргізу қазақ тілінде жүреді, ал қажет болған жағдайда тараптардың келісуі бойынша қазақ тілімен тең дәрежеде орыс және басқа тілдер қолданылады.
2. Тараптар аралық істі қарау тілі туралы келісімге қол жеткізбеген жағдайда, аралық сотта істі қарау тілін Аралық сот белгілейді.
3. Тараптар Аралық сотқа құжаттар мен өзге де материалдардың іс жүргізу тіліндегі аудармасын ұсынуға міндетті.

### **8 бап. Дәлелдерді ұсыну және зерттеу тәртібі**

1. Әрбір тарап өз талаптары мен қарсылықтарының негіздемесі ретінде сілтеме жасайтын жағдайларды дәлелдеуге тиіс. Аралық сот ұсынылған дәлелдерді жеткіліксіз деп санайтын болса, тараптарға қосымша дәлелдер келтіруді ұсынуға құқылы.
2. Сот құрамы(судья) өз бастамасы бойынша немесе тараптардың қайсы бірінің өтініші бойынша құжаттың

түпнұсқасын(телнұсқасын), ұсынылатын құжаттың нотариалды түрде расталған көшірмесін немесе шетелде берілген құжаттың заңдастырылуын талап етуге құқылы.

3. Аралық сот іске қатысты дәлелдерді тікелей зерттеуге міндетті.
4. Жазбаша дәлелдерді қоспағанда құжаттар келісім-шарт тілінде немесе тараптар өзара хат-хабар алмасқан тілде аралық әс жүргізу тіліне міндетті түрде аудармамен бірге ұсынылады.

### **9 бап. Істі қарау мерзімі**

1. Тұрақты әрекет ететін аралық сот, сайланған немесе тағайындалған Аралық сот істі қарауды мүмкіндігінше Аралық сот құрамы құрылған (Судья тағайындалған) күннен бастап 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде аяқтау үшін шара қолданады.
2. Ерекше жағдайларда бұл мерзім Аралық сот Төрағасының шешімі бойынша немесе тараптардың келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

### **10 бап. Құжаттарды (хабарламаларды, хабарландыруларды, шақыртуды) жолдау және табыстау**

1. Аралық сот тараптардың бірінің (немесе тараптардың) қолында құжаттарды жолдау немесе айырбастау туралы растау болған жағдайда тараптарға іс құжаттарын жолдамайды, өзге жағдайда Аралық сотқа тараптардың бірі ұсынған құжаттарды Аралық соттың істі қарауы басталғанға дейін басқа тарапқа табыстауы тиіс.
2. Құжаттар тараптар көрсеткен мекен-жайлар бойынша жолданады. Тараптар Аралық сотқа бұрын көрсеткен мекен-жайлардың өзгергені жайлы бірден хабарлауға міндетті.
3. Талап арыздар, талап арыздарға пікірлер («қарсылықтар»), шешімдер, Аралық сот қаулылары мен анықтамалары тараптарға табысталады, тапсырыс хат арқылы жолданады, басқа да түрмен жолданады.
4. Өзге құжаттар, сонымен хаттар хабарламалар, хабарландырудар, шақыртулар телеграф, телетайп, факсимильді байланыс, тараптар көрсеткен номерлерге ұялы байланыс операторлары арқылы(SMS), сондай-ақ электронды пошта арқылы жолдануы мүмкін.
5. Жоғарыда көрсетілген құжаттардың кез-келгені тең дәрежеде қолхат ала отырып қолма-қол табысталуы немесе берілуі мүмкін.
6. Егер тараптар өзге жағы туралы келіспеген болса,кез-келген жазбаша хабарлама тарапқа қолма-қол, тұрақты тұратын жері бойынша, пошталық немесе заңды мекен-жайы бойынша жеткізілген жағдайда алынған болып есептеледі. Осының барлығы ресми органдардан ақылға қонымды жолмен мәлімет алу жолымен мәлімет алу арқылы анықталмаған жағдайда, жазбаша хабарлама тараптың соңғы белгілі болған орналасқан жері бойынша заңды мекен-жайы

бойынша(тараптардың бірінің) тұрғылықты жері бойынша, тараптың заңды немесе пошталық мекен-жайы бойынша тапсырыс хатпен немесе кез-келген өзге түрде жолданған жағдайда алынды деп есептеледі.

7. Дауады қарастыру кезінде тараптардың Аралық сот отырысының уақытымен орны туралы мынадай хабарламасы тиісті түрде берілген болып есептеледі: Республикалық, облыстық немесе аудандық маңызыбар газеттердің біріне жариялау,сонымен қатар БАҚ-та Аралық сот отырысына дейін кем дегенде 7 (жеті) күн бұрын жүгіртпе жол арқылы визуалды хабарландыру беру.

## **11 бап. Іс жүргізу мерзімдерін есептеу**

1. Іс жүргізу әрекеттері осы Регламентінде белгіленген мерзімде жасалады. Іс жүргізу әекетін жасау мерзімі осы Регламентінде орнатылмаған жағдайда, Аралық сот құрамын құрғанға дейін бұл мерзімді Аралық сот Төрағасы, ал құрылғаннан кейін Аралық сот құрамы белгілейді.
2. Осы Регламент бойынша мерзімдерді есептеу мақсатында осы мерзім хабарламаны, хабарландыруды, хабарды немесе ұсынысты алған күннен кейінгі келесі күннен басталады. Осы мерзімнің соңғы күні адресаттың коммерциялық кәсіпорны орналасқан жердегі немесе тұрғылықты жеріндегі ресми мереке немесе жұмыс жасамайтын күнге сәйкес келген жағдайда бұл мерзім еңжақын Жұмыс күніне дейін ұзартылады. Осы мерзім ішінде орын алатын ресми мерекелер немесе жұмыс жасамайтын күндер оны есептейтін кезде алынып тасталмайды.
3. Іс жүргізу әрекеттерін жасау мерзімдері нақты күнтізбелік күнмен белгіленіп, сөзсіз орыналуға тиіс оқиғаны немесе уақыт кезеңін көрсетеді. Соңғы жағдайда бұндай іс-әрекет бүкіл кезең бойында жасалуы мүмкін.
4. Қайсыбір кезеңмен белгіленетін мерзім тиісті күнтізбелік күн немесе оның басталуын белгілейтін орын алған күннің ертеңінен басталады және белгіленген кезеңнің соңғы күні аяқталады. Белгіленген кезеңнің соңғы күні іс жүргізу әрекеттер жасалуға тиісті елдегі жұмыс жасамайтын күнге сәйкес келген жағдайда оның аяқталу күні болып келесі жұмыс күн іесептеледі.
5. Қажет болған жағдайда нақты іс бойынша осы Регламентпен белгіленген кез-келген іс жүргізу мерзімдерін ұзарту құқығына Аралық сот Төрағасы, сонымен қатар құрылғаннан кейін Аралық сот құрамы ие болады.

## **12 бап. Қолданылатын құқық**

1. Аралық сот іскерлік айналым ғұрыптарын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Конституциясы нормаларына, Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, халықаралық шарттарына сәйкес дауларды шешеді; тараптардың қатынастары құқық нормаларымен немесе тараптардың келісімімен тікелей реттелмеген болса және осындай қатынастарға қатысты қолданылатын іскерлік айналым дәстүрлері болмаған жағдайда Аралық сот ұқсас қатынастарды реттейтін құқық нормаларын қолданады, ал мұндай нормалар болмаған жағдайда дауларды заңдардың жалпы бастамалары мен мағыналарына, өзге нормативтік құқықтық актілерге орай шешеді.
2. Осы Регламентте көзделмеген барлық мәселелер мен жағдайлар қолданыстағы заңнамамен реттеледі.

### **13 бап. Осы Регламентке сілтеме жасау құқығынан бас тарту**

1. Кез-келген тарап осы Регламенттің қандайда бір ұсынысы немесе талабы сақталмағанын біле отырып, сондада осындай сақтамауды дереу мәлімдеместен, соттың істі қарауына қатысуын жалғастыра берсе, өзінің қарсылық жасау құқығынан бастартқан болып есептеледі.

## **Тарау 4: АРАЛЫҚ ТЕКСЕРУ.**

### **АРАЛЫҚ ТЕКСЕРУДІҢ БАСТАЛУЫ**

#### **14 бап. Талап арыз және талап арызға пікір**

1. Талапкер өз талаптарын талап арызда баяндайды, ол Аралық сотқа жазбаша түрде беріледі. Талап арыздың көшірмесі Тұрақты әрекет ететін аралық сотымен жауапкерге беріледі.
2. Талап арызда мыналар көрсетілуге тиіс:
  - 1) талап арыздың берілген күні;
  - 2) тараптардың атауы, олардың тұрғылықты жері, ЖСН, электронды пошта мекен-жайы, ұялы телефон номерлері немесе, егер тараптар заңды тұлғалар болып табылса, олардың орналасқан жері, банк реквизиттері, БСН, электронды пошта мекен-жайы, өкілдерінің ұялы телефон номерлері;
  - 3) Аралық сотқа жүгінунегіздемесі;
  - 4) талапкердің талаптары;
  - 5) талапкер өзінің талаптарын негіздеген мән-жайлар;
  - 6) талапкердің талаптарын растайтын дәлелдер;
  - 7) талап бағалануға жатса, талап қоюдың бағасы;
  - 8) талап арызға қоса берілетін құжаттар мен өзге де материалдардың тізбесі.
3. Талап арызға талапкер немесе оның өкілі қол қоюға тиіс. Талап арызға Талапкердің өкілі қол қойған жағдайда, талап арызға өкілдің

- өкілеттіктерін куәландыратын сенімхат немесе өзге де құжат қоса тіркелуге тиіс.
4. Аралық сотта істі қарау ережелерінде талап арыздың мазмұнына қосымша талаптар көзделуі мүмкін.
  5. Жауапкер талапкерге және Аралық сотқа өзінің талап қоюға қарсылықтарын баяндай отырып, талап арызға пікір беруге құқылы. Талапкерге және аралық сотқа аралық сотта іс қарау ережелерінде көзделген тәртіпте және мерзімде талап арызға пікір беріледі.
  6. Егер аралық сотта істі қарау ережелерінде талап арызға пікір беру мерзімі анықталмаса, онда аталмыш пікір Аралық соттың бірінші отырысына дейін кем дегенде он күн бұрын беріледі.
  7. Аралық сотта істі қарау барысында өзінің талап арыздарын немесе Талап қоюға білдірген қарсылықтарын өзгертуге немесе толықтыруға құқылы.

### **15 бап. Талап арызға тіркелетін құжаттар**

Талап арызға мыналар тіркеледі:

1. жауапкерлер мен үшінші тұлғалар санына қарай талап арыздың көшірмелері;
2. аралық алымның төленгенін растайтын құжат;
3. өкілдің өкілеттігін куәландыратын сенімхат немесе өзге де куәландырылған құжат;
4. талапкер өз талаптарын негіздейтін мән-жайларды растайтын құжаттар және өзге де материалдар, егер оларда болмаса, жауапкерлер мен үшінші тұлғаларға арналған осы құжаттардың көшірмелері;
5. егер олар талап арызда баяндалмаса, талапкердің мерзімді кейінге қалдыру, ұзарту, аралық шығындарды төлеуден босату немесе олардың мөлшерін азайту туралы, талап қоюды қамтамасыз ету, дәлелдерді талап ету туралы өтініші және басқалары.
6. дауды Аралық сот шешіміне табыстау туралы келісімді қамтитын құжаттың түпнұсқасы.
7. өндірілетін немесе дауланатын соманы есептеу.

### **16 бап. Талап арыз бағасы**

1. талап арыз бағасы төмендегідей анықталады:
  - ақшалай соманы өндіру туралы талап арызда – өндірілетін сомамен;
  - мүлікті талап ету туралы талап арызда - талап етілетін мүлік құнымен;
  - кепілдік затын өндіру туралы талап арызда – Кепілдің затының құнымен;
  - белгілі бір әрекет немесе әрекетсіздік туралы талап арызда – Талапкердің мүліктік мүддесі туралы қолда бар деректер негізінде;
  - өзге талап арыздарда – Аралық сот қарауымен

2. Бірнеше талаптан тұратын талап арызда әрбір талаптың сомасы жеке анықталуға тиіс, ал талап арыз бағасы барлық талаптардың жалпы сомасымен айқындалады.
3. Әрбір келісім-шарт (шарт) бойынша талап арыз жеке көрсетіледі.
4. Егер тараптар өзге жағын келісіп қоймаса, Сот құрамы бір іс жүргізуге бірдей тұлғалар қатысатын бір тектес бірнеше істі біріктіруге құқылы.

## **17 бап. Дауды шешумен байланысты шығындар**

### **Аралық сот алымдары**

1. Аралық сотта даулы шешумен байланысты шығындарға мыналар кіреді:
  - 1) Аралық судьялар қаламақысы;
  - 2) Аралық тексеруге қатысуға байланысты аралық судьялар келтірілген шығында, сонымен бірге дауды қарау орнына бару, тұру және тамақтануды төлеуге шығындар;
  - 3) Сарапшыларға, мамандарға және аудармашыларға төлеуге жататын сомалар;
  - 4) Жазбаша және заттай дәлелдерді табылған жерінде зерттеп тексерумен байланысты Аралық соттардың шекен шығындары;
  - 5) Куәгерлер шеккен шығындар;
  - 6) Аралық сот шешімі пайдасына өткен тараптың өкіл қызметін төлеуге шығындары;
  - 7) Аралық сотта істі қарауды ұйымдастырушылық және материалдық қамтамасыз етуге шығындар.
2. Құрамына әкімшілік шығындар мен аралық судьялар қаламақылар ғана кіретін Аралық алымның есептелуі осы Регламентте №1 Қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.
3. Аралық алым Талап арыз берілген кезінде немесе Талап арызды беру кезінде Аралық алым көлемі белгісіз болған жағдайда төленеді. Сонымен қатар Аралық алымның толық төленбеген жағдайда Аралық алым Талап арызын Аралық сот хатшылығында тіркелген сәттен бастап 5(Бес) жұмыс күні бойында төленеді.
4. Тіркеу алымы – талап арызын қабылдау кезінде Аралық тексеруді бастамалаушыдан Аралық сот алатын шартты бірлікпен берілетін көлем, істі сот (судьялар құрамын) сайлағанға (тағайындағанға) дейін қарауға даярлаумен байланысты шығындар болып табылады.
5. Талапкер аралық алым сомасынан 50% алдын-ала жарна берген жағдайда аралық алымды кезең-кезеңмен төлеу туралы өтініш Беруге құқылы. Аралық алымның қалған бөлігі Аралық сот белгілеген мерзімде төленеді.
6. Тараптардың келісуі бойынша, аралық алымды екі тарап төлеуі мүмкін.



- Сот шешімі аралық алым 100% төленгеннен кейін ғана жарияланады.
7. Егер талапкер сот құрамы түзілгенге дейін талап арызын қайтару туралы өтініш берсе, онда оған аралық алымның 50%-ы қайтарылады.
  8. Тіркеу және Аралық алым Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен төленеді.

### **18 бап. Талап арызды қозғалыссыз қалдыру**

1. Талап арыз осы Регламент талаптарына сәйкес келмеген жағдайда тағайындалған судья талап арыз тіркелген күннен бастап он күнішінде талап арызды қозғалыссыз қалдыру туралы ұйғарым шығарып, онда кемшіліктерді көрсетеді және оларды жою мерзімін белгілейді. Талап арызды қозғалыссыз қалдыру туралы ұйғарым талапкерге жолданады немесе табысталады. Кемшіліктерді жою мерзімін Аралық сот белгілейді.
2. Егер талапкер белгіленген мерзімде ұйғарымда көрсетілген талаптарды орындаса, Тұрақты әрекет ететін Аралық сот немесе тағайындалған немесе сайланған Аралық сот аралық дау бойынша іс жүргізуді қозғау туралы ұйғарым шығарады. Бұл жағдайда талап арыз сотқа бастапқы ұсынылған күні берілген болып есептеледі. Керісінше жағдайда өтініш берілмеген болып есептеліп, Аралық сот дәлелденген ұйғарымымен талапкерге қайтарылады.

### **19 бап. Талап арызды қайтару**

1. Аралық сот мына жағдайларда талап арызды қайтарады:
  - 1) тараптар арасында аралық келісім немесе ескертпе болмаса;
  - 2) аралық келісім қатысушылары болып табылмайтын үшінші тұлғалардың мүдделері қозғалса;
  - 3) талап арыз аралық келісімде көзделмеген Аралық сотқа берілсе;
  - 4) талап арызға қол қоюға немесе оны беруге өкілеттігі жоқ тұлға оған қолқойса немесе оны берсе;
  - 5) талапкер талап арызды қайтару туралы өтініш берсе;
  - 6) осы немесе басқа арадық соттың іс жүргізуінде сол тараптар

арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша іс болса.

2. Арыздың қайтарылуы талапкердің сол жауапкерге, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша талаппен аралық сотқа қайта жүгінуіне кедергі келтірмейді.

## **20 бап. Қарсы талап қою және қасы талаптарды есепке алу**

1. Жауапкер қарсы талаппен талапкердің талаптары арасында өзара байланыс болған жағдайда, сонымен қатар қарсы талап арызды Аралық сот аралық келісімге сәйкес қарастыра алатын жағдайда талапкерге қарсы талап арыз беруге құқылы.
2. Қарсы талап арыз аралық сот оның мәні бойынша шешім қабылданғанға дейін сот тексеру барысында берілуі мүмкін.
3. Қарсы талап арызды қоюға бастапқы талап арызды беруге қатысты қолданылатын ережелер қолданылады, атап айтқанда қарсы талап арыз осы Регламенттің 14-18 баптарының талаптарын қанағаттандыруға тиіс. Қарсы талап арызды іс жүргізуге қабылдау, қозғалыссыз қалдыру, қайтару туралы мәселені Аралық сот шешеді. Тексеру барысында қарсы талап арызды беру Аралық сот құрамындағы өзгерістерге алып келмейді.
4. Талапкер осы Регламентінде көзделген тәртіппен және мерзімде қарсы талап арызға қарсылық білдіруге құқылы.
5. Аралық сот қарсы талап арыз беруді жөнсіз деп танып, оны қабылдаудан бастартуға құқылы. Бұл жағдайда талап арызы Аралық сотқа әдеттегі тәртіппен берілуі мүмкін.

## **Тарау 5. ІСТІ ҚАРАУҒА ДАЯРЛАУ**

### **21 бап. Аралық соттың істі қарауын қозғау**

1. Егер талап етушінің берген талап арызы осы Регламентпен қойылған барлық талаптары сақталса, Аралық сот, талап арызын қабылдап, аралық істі қозғау туралы ұйғарым шығарады және өзінің Регламентіне сәйкес оның күні, уақыты және өткізілетін орны туралы тараптарды хабардар етеді. Ұйғарымда сот өндірісінің тілі, іске қатысатын тұлғалар мен жасалуы керек әрекеттер және оларды іске асыру мерзімі көрсетіледі. Сонымен қатар тараптарға тараптармен таңдау жасалған аралық (тар) соты(тары) көрсетілген өтініш және аралық істің қаралу орны туралы ұсыныс жасау ұсынылады.
2. Тұрақты әрекет ететін аралық сотының Төрағасы немесе оның орынбасары талап арыздың түсуінен бастап он күн аралығында талап арызда аралық іс жүргізуін қозғауға негіздемелер мәнін қарайды.
3. Қарау нәтижесінде аралық сотының Төрағасы аралық іс жүргізу туралы ұйғарым немесе, егер осы Регламентке сәйкес аралық іс жүргізуді қозғауға негіз болмаған жағдайда, талап арызды қараусыз қалдыру туралы ұйғарым

шығарады, немесе, егер талап арызды осы Регламентке және Қазақстан Республикасының заңнамасына сай келтіру қажет болса, талап арызды қозғалыссыз қалдыру туралы ұйғарым шығарады. Аралық іс жүргізуін қозғау туралы ұйғарымында іс жүргізу тілі, іске қатысушыларға қажетті іс әрекеттері және сол әрекеттерді жасау мерзімдері көрсетіледі.

4. Тағайындалған немесе таңдалған Аралық сот, ал кейбір кездерде Тұрақты әрекет ететін аралық сот, жауапкерге талап арыз берушінің талаптарын негіздейтін талап арыздың көшірмесін және оған қоса берілген құжаттарды жібереді немесе табыстайды, және белгіленген мерзімде талап арызға жазбаша пікір(қарсылық) және талап арызға өзінің пікірін (қарсылығын) негіздейтін дәлелді жіберуді ұсынады.
5. Жауапкердің қарсылық білдіруін ұсынбауы дауды қарастыруға кедергі бола алмайды.

## **22 бап. Жауапкерге хабарлама**

1. Аралық сот жауапкерге талап арыздың берілгені туралы хабарлайды және оған талап арыз көшірмесін, және оған қоса берілген құжаттар болған жағдайда оларды қоса жібереді.
2. Бір мезгілде Аралық сот жауапкерге Аралық соттың алғашқы отырысына дейін 3 (үш) күн бұрын мерзімде сәйкес дәлелдерді Қоса келтіріп, оған білдіретін өзінің қарсылығын және/немесе жазбаша түсініктемесін мазмұндап, талап арызға пікір (қарсылық) жіберуді ұсынады. Жауапкердің қарсылық білдіруін ұсынбау талап арыз талаптарын мойындау ретінде қарастырылмайды.

## **23 бап. Дауды қарау кезіндегі аралық судьялар саны**

1. Тараптар аралық сот санын анықтауға құқылы, олардың саны 1 ден 7 дейін болуы мүмкін және ол тақ сан болу керек.
2. Аралық сот құрамын аралық соттын (аралық соттарды) таңдау (тағайындау) жолымен жүзеге асырылады.
3. Әр тарап іс қозғау туралы немесе талап арыз бойынша төрағалық етуші аралық судьяны тағайындау туралы ұйғарыммен белгіленген мерзімде, таңдаған аралық сотын (тарын) көрсетіп (сот құрамы санына байланысты), Аралық сотқа жазбаша өтініш беру жолымен таңдайды.
4. Аралық іс жүргізу бойынша Аралық сот құрамында Төрағалық етушісін тағайындалғанға дейін барлық іс жүргізу әрекеттері Тұрақты әрекет ететін аралық сот атынан жасалады.
5. Егер тараптар немесе тараптың бір жағы іс қозғау және оны өндіріске қабылдау туралы ұйғарыммен белгіленген мерзімде аралық сотты таңдамаған болса, онда ол Тұрақты әрекет ететін аралық сот Төрағасымен тағайындалған аралық судьямен жеке дара қаралады.
6. Егер тараптар әр қайсысы бір біреуден Аралық судьяларды таңдаса, сонымен қатар олардың саны жұп болған жағдайда, Тұрақты әрекет ететін Аралық сотының Төрағасы, немесе оның орынбасарлары,
